21. Дайте характеристику закона спроса. Факторы, воздействующие на спрос на профессионально-ориентированном иностранном языке.
22. Охарактеризуйте закон предложения. Факторы, воздействующие на

предложение на профессионально-ориентированном иностранном языке.

23. Раскройте содержание теории поведения потребителя и ориентация в текстах на иностранном языке, монологическое высказывание профессионального содержания.

24. Теория капитала в рыночных условиях и ориентация в текстах на иностранном языке, монологическое высказывание профессионального содержания.

25. Этапы становления конституционного законодательства в республике Казахстан и ориентация в текстах на иностранном языке, монологическое высказывание профессионального содержания.

### **Вопросы для II-государственного контроля:**

1. Антиинфляционная политика государства и ориентация в текстах на иностранном языке, монологическое высказывание профессионального содержания.

2. Проблемы интеграции РК: Таможенный союз и его влияние на экономику РК и ориентация в текстах на иностранном языке, монологическое высказывание профессионального содержания.

3. Инновационно - индустриальная политика в РК и ориентация в текстах на иностранном языке, монологическое высказывание профессионального содержания.

4. Правовые основы банковского кредита и ориентация в текстах на иностранном языке, монологическое высказывание профессионального содержания.

5. Специальный профессионально-ориентированный материал и его использование в заданных профессиональных ситуациях по теме антикризисное регулирование экономики.

6. Основы процессуального права и характеристика содержания на иностранном языке.

7. Правовые основы предпринимательства в РК и профессиональная экономико-правовая иностранная терминология и фразеология.

8. Профессиональная правовая иностранная терминология и фразеология в теме основные положения финансового права.

9. Общие положения налогового права РК и характеристика содержания на иностранном языке.

10. Специальный профессионально-ориентированный материал и его использование в заданных профессиональных ситуациях по теме основы трудового права.

1. Профессиональная правовая иностранная терминология и фразеология в теме интернационализация хозяйственной жизни, международное разделение труда.

2. Общие положения гражданского права и характеристика содержания на иностранном языке.

3. Право интеллектуальной собственности и характеристика содержания на иностранном языке.
4. Основные положения семейного права РК и характеристика содержания на иностранном языке.
5. Специальный профессионально-ориентированный материал и его использование в заданных профессиональных ситуациях по теме международная торговля, торговля и торговый баланс, торговая политика.

### **Список рекомендуемой литературы**

#### **Основная литература:**

1. Икрымова В.Н. Экономическая теория, Алматы, 2010 г.
2. Экономическая теория: Учебник. / Под ред. А.И. Добрынина, Л.С. Тарасевича. – Санкт-Петербург, 2011.
3. Экономическая теория: учебник /ред. Е. Н. Лобачевой. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Высшее образование. - [Б. м.]: Юрайт, 2010. - 515 с. - (Университеты России). - ISBN 978-5-9916-0496-3.
4. Шадиев Қ.Х. Экономикалық теория негіздері, Алматы, 2012 ж.
5. Айнабек К.С. Теория общественного хозяйствования. Учебник. Караганда. 2014. 608с.
6. Сагитова З. М. Профессиональный казахский язык для экономистов, бухгалтеров, аудиторов. -Көкшетау: Келешек - 2030, 2008. - 102 б.
7. Макконель Р., Брю С. Экономикс. – М.: – 2000.
8. Фишер С., Дорнбуш Р., Шмалензи Р. Экономика – М; Дело. – 1995г.

#### **Дополнительная литература:**

1. Экономическая теория: учебник /Г.М Гукасян, Г.А Маховикова, В. В. Амосова. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Эксмо, 2011. - 736 с. - (Новое экономическое образование). - ISBN978-5-699-35824-3.
2. Воробьев, Е.М. Экономическая теория [Текст]: курс лекций / Евгений Михайлович Воробьев.- 2-е изд., испр. и доп.- М.: Эксмо, 2010.- 272 с.
3. Экономическая теория: Экспресс-курс / ред. Грязнова А.Г.; ред. Думна Н.Н.; ред. Юданов А.Ю.- 5-е изд., стер.- М.: КНОРУС, 2010.- 606 с.
4. Б.А. Рахметов, П. Т. Байнеева, Н. М. Қалманова. - Алматы : Экономика, 2012. - 428 б.
5. Лапуста М.Г., Поршнева А.Г. и др. Предпринимательство. М.: ИНФРА – М, 2006.
6. Мазоль С.И. Экономика малого бизнеса. – Мн.: Книжный дом, 2004.
7. Предпринимательство /Под ред. Горфинкеля В.Я., Поляка Г.Б., Швандара В.А. М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 2004.
8. Предпринимательство и бизнес /Авторы составители: А.П.Дашков, А.И.Данилов, Е.Б.Тютюкина М.: Информационно-внедренческий центр Маркетинг, 2005.

9. Организация предпринимательской деятельности .Под ред. Горфинкеля В.Я., Поляка Г.Б., Швандара В.А. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004

### **Справочная литература**

- 1.Экономический словарь. Под ред. Архипова А.И. - М., 2006 г.
- 2.Е.Е. Румянцева. Новая экономическая энциклопедия. - М., 2006 г.
- 3.Программа О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы.
- 4.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауы: «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір келешек».
- 5.ҚР Статистика агенттілігінің жинағы, 2010-2015 жж.
- 6.Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалдық – инновациялық дамуының 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958. жарлығы
7. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысы.
- 8.Ізімітұлы М. Заң терминдерінің түсіндірмелік этимологиялық сөздігі, Алматы, 2004 ж.
- 9.Айымханова Еңбек және құқық теориясы. Алматы, 2004ж.
- 10.Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Заңтану. Алматы, «Мектеп» 2002 ж.

### **Нормативная литература:**

- 1.Конституция Республики Казахстан, - А, 1995 г.
- 2.Закон О Валютном регулировании и валютном контроле
- 3.Закон Об Инвестиционном фонде Казахстана
- 4.Закон О республиканском бюджете на 2006 год
- 5.Закон О частном предпринимательстве, 2002 г.
- 6.Закон О государственной поддержке инновационной деятельности
- 7.Закон Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан

### **Интернет ресурсы:**

1. [www.egov.kz](http://www.egov.kz)
2. [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz)
3. [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)
4. [www.primeminister.kz](http://www.primeminister.kz)
5. [www.wikipedia](http://www.wikipedia)
6. [www.elitarium.ru](http://www.elitarium.ru)
7. <http://economics.wideworld.ru>

### **Составители типовой программы:**

Жазылбек Л. И. – доцент

Шадиев К. Х. – к.э.н.,старший преподаватель

Досжанов Б. Б. – к.ю.н.,старший преподаватель



ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

КЕНОА 3301 Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі

5B011500 –Құқық және экономика негіздері

3 кредит

Алматы, 2016



## АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

#### 4. Пікір берушілер:

Сабденова Г.-т.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жумашева С.С.- п.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

## Түсінік хат

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның ең маңызды шарттарының бірі құқықтық сана, жеке тұлғаның құқықтық және адамгершілік мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Бұл мәселенің шешімі жалпы құқықтық құндылықтар негізінде оқушыларға құқықтық тәрбие ұстанымдары мен қағидаларын таныстыру арқылы жүзеге асады. Бүгін білім беру ұйымдарының әсіресе жоғары оқу орындарының алдында қойылған басты міндет-халық шаруашылығының әр түрлі саласында еңбек етуге қабілетті, білікті мамандарды даярлау. Осыған орай, құқықтық, экономикалық тәрбиенің мақсаты оқушыны мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға және экономикалық сауаттылыққа тәрбиелеу болып табылады. Осындай маңызды міндеттерді іске асыру үшін жоғары оқу орындарында "Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі" курсы оқытылады.

Еліміздің барлық тұрғынын оқыту мен тәрбиелеу іс жүзінде жалпы білім беретін мектеп-әлеуметтік институтта іске асады. Экономикалық және құқықтық сананың сапасы көп жағдайда құқық және экономика негіздерінен білім беретін мұғалімдерді даярлаудың деңгейіне байланысты. Болашақ маман мұғалімдердің экономикалық және құқықтық ойлауы мен санасын қалыптастыруда «Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі» курсының алатын орны ерекше.

*«Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі» курсының мақсаты:*

Қазақстан қоғамындағы өзгерістерге мектеп оқушыларын әлеуметтік бейімдеу әрі оларды экономика мен құқық саласына кәсіптік бағдарлауға қажеттіктерін қанағаттандыру үшін болашақ мұғалімдердің құқықтық және экономикалық сауаттылығын қалыптастыру.

Студенттерде «Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі» курсы оқып үйрену және меңгеру негізінде алған білімдерін тәжірибеде пайдалану біліктері мен дағдылары берік қалыптасады. Прогнатикалық аспектіде студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыруда қазіргі қоғамның құқықтық және экономикалық даму ерекшеліктерін оқып үйренуді құзырлылық тұрғыдан қарастыру өзекті болып табылады. Дидактикалық аспекті-бұл студенттердің құқықтық және экономикалық пәндердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, алған білімдері мен теориялық нұсқауларын пайдалана алуы. Әдістемелік аспекті-педагогикалық әрекет барысында ойын тұжырымдап айту, моделдеу мен білім беру міндеттерін шешу біліктері. Ізденушілік аспекті-нақты зерттеудің міндеттеріне сүйене отырып, зерттеудің замануи әдістерін таңдау мен бейімдеу біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*«Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі» курсының негізгі міндеттері:*

- құқықтық және экономикалық заңдар және олардың ұстанымдарын, кәсіпкерлікті жүргізу ережесін, отбасы қаражатын тиімді жұмсаудың, кәсіпкерліктегі іс-әрекетке қатысудың бастапқы дағдыларын меңгеру;
- құқық, нарықтық экономика және кәсіпкерліктің негіздері білімдерін игеру;
- кәсіпкерлікті жүргізу дағдыларын қалыптастыру, құқықтық және экономикалық білімін практикада қолдану;
- түрлі жағдайды қорытындылау, бағалау, болжау үшін құқықтық және экономикалық және кәсіпкерлік ойлауды дамыту;
- көшбасшылық пен белсенділік қабілеттерін дамыту, өздігінше білімін жетілдіру және өздігінен дамуын, шешім қабылдай білуін қалыптастыру.

Пәннің тақырыптық жоспары:

№	Тақырыптың атаулары
1	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің ғылым жүйесіндегі орны және оның пәні
2	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі курсының дүниетанымдық, әдіснамалық және логикалық негіздері
3	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің міндеттері, қазіргі жағдайы және жетілдіру бағыттары
4	Құқықтық және экономикалық пәндерді оқытудың қазіргі тенденциялары
5	Құқықтық және экономикалық пәндерді оқыту принциптері
6	Құқық және экономика негіздерін оқыту барысында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі
7	Құқық және экономика негіздерін оқытуда көрнекілік пен техникалық құралдарды пайдалану әдістемесі
8	Құқық және экономика негіздерін оқытуда интерактивті және инновациялық әдістерді пайдалану әдістемесі
9	Құқық және экономика негіздерін оқытуды ұйымдастырудың формасы. Құқық және экономика негіздері сабағы
10	Құқық және экономика негіздерін оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері
11	Құқық және экономика негіздерін оқытуда педагогикалық технологияны пайдалану
12	Оқушылардың танымдық қызметінің белсенді әдістері мен түрлері және психологиялық -педагогикалық негіздері
13	Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың білімін тексеруді ұйымдастыру әдістемесі
14	Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісінде оқушыларды тәрбиелеу
15	Құқық және экономика негіздері пәнінің қазіргі мұғалімінің тұлғасы

Бітірушінің пәндік құзыреттіліктерінің сипаттамасы:

- құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің тұжырымдамалық, теориялық және ғылыми-педагогикалық негіздерін игереді;
- ҚР азаматтарының құқықтары мен міндеттерін анықтайтын жеке тұлға мен мемлекеттің арасындағы құқықтық-экономикалық қарым-қатынасты реттейтін негізгі заңдардың мазмұнын біледі;
- құқық және экономиканың дамуының негізгі бағыттарын түсінеді;
- қажетті жағдайда жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттерін, оларды іске асыру тәртібін, құқықтарын қорғау әдістері мен құралдарын қолданады;
- құқықтық және экономикалық білімдерді пайдалана алады, заңдарға түсініктеме бере алады.

Пән пререквизиттері: "Экономика негіздері", "Құқық негіздері", "Қазақстан тарихы", "Дүние жүзі тарихы", "Педагогика", "Психология", "Тәрбие жұмысының әдістемесі", "Мұғалімнің кәсіби педагогикалық мәдениетін арттыру".

Пән постреквизиттері: "Ғылым мен басқаруды кіріктіру негіздері", "Қазіргі білім беру жағдайындағы менеджмент", "Білім берудегі инновациялық үдерістер", "Деректану", "Тарихнама".

#### Пәннің мазмұны

##### ***1. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің ғылым жүйесіндегі орны және оның пәні***

Оқыту әдістемесі туралы жалпы ұғым. «Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің» пәні, мақсаты мен міндеттері, оның дидактикалық негіздері. Оқыту әдістемесі пәнінің негізгі функциялары. Курстың жалпы сипаттамасы мен оның негізгі ерекшеліктері. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің педагогика, психология, логика, мемлекет пен құқық теориясы және мектеп тәжірибесімен байланыстылығы.

Курстың негізгі ұғымдары мен жалпы идеялары. Оқушыларға құқықтық және экономикалық білім мен тәрбие берудің негізгі міндеттері туралы Қазақстан Республикасының білім туралы Заңнамаларын, нормативті құжаттарын талдау.

##### ***2. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі курсының дүниетанымдық, әдіснамалық және логикалық негіздері***

Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің ғылыми мәртебесі. Зерттеу пәні мен зерттеу объектісі, міндеттері, ғылыми мәні және ұғымдық аппараты. Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісінің зерттеу әдістері. Құқық және экономика негіздері курсының теориялық және әдіснамалық негіздері.

**Курс мазмұнын іріктеу көрсеткіштері мен олардың ерекшеліктері.** Курстың негізгі мазмұны мен құрылымы. Курс мазмұнының қоғам өмірімен байланысы. Курстың оқушыларға құқықтық және экономикалық тәрбие беру жүйесіндегі орны мен рөлі.

### *3. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің міндеттері, қазіргі жағдайы және жетілдіру бағыттары*

Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің мақсаты, міндеттері мен қазіргі жағдайы. Қазіргі кезеңде құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесін жетілдіру жолдары мен негізгі бағыттары. Тәуелсіз Қазақстандағы құқықтық және экономикалық білім беру мәселелері.

Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі-құқықтық және экономикалық білім берудің сапасын арттырудың қазіргі механизмі, оқушылардың құқықтық және экономикалық санасын, мәдениетін қалыптастырушы ретінде. Құқықтық және экономикалық пәндерді оқыту әдістемесі-құқықтық және экономикалық оқыту мен білім берудің сапасын арттыру факторы.

### *4. Құқықтық және экономикалық пәндерді оқытудың қазіргі тенденциялары*

Болон декларациясының негізгі қағидаттары. Болон үрдісіне қосылғаннан кейінгі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі қайта құру мәселелері. Құқықтық және экономикалық білім берудің мазмұны.

Шет елдердегі құқықтық және экономикалық пәндерді оқыту тәжірибесі. Құқықтық және экономикалық білім беруді дамыту міндеттері, мәселелері мен тенденциялары. Құқықтық және экономикалық құбылыстарды, категориялар мен заңдарды игерудегі оқушылардың танымдық іс-әрекеті.

### *5. Құқықтық және экономикалық пәндерді оқытудың принциптері*

Принциптер оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптарды анықтайтын қағидалар ретінде.

Оқыту принциптерінің жүйесі: білім берудің ғылымилық принципі, оқу үрдісінің тәжірибелік бағыттылығы; оқытудың жүйелілік, бірізділік және кешенділік принципі; оқушылардың құқықтық және экономикалық сауаттылығын ескере отырып, оқытудың түсініктілік, көрнекілік принципі; күрделіктің жоғарғы деңгейінде оқыту принципі; білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру беріктілігі принципі; білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеретін, ұжымдық және даралық тұрғыдағы принцип.

### *6. Құқық және экономика негіздерін оқыту барысында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі*

«Өзіндік жұмысы» ұғымы. Оқушыларының өзіндік жұмыстарының мақсаты мен міндеттері. Өзіндік жұмыстың түрлері. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда түрлі деректерді пайдалану. Өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәні. Өзіндік **жұмыстардың** құқықтық және экономикалық мағлұматтарды меңгерудегі орны мен рөлі. Оқушылардың құжаттармен өзіндік жұмысында тапсырмалар жүйесін дайындау.

### *7. Құқық және экономика негіздерін оқытуда көрнекілік пен техникалық құралдарды пайдалану әдістемесі*

Экономика және құқық негіздері курсының оқытудағы көрнекілік құралдардың маңызы мен функциялары. Көрнекілік және техникалық құралдарды қолданудың дидактикалық негіздері, олардың оқу үрдісіндегі рөлі. Курс бойынша, сабақта көрнекілік **құралдарды** қолданудың тиімді



әдістемесі, сабақта оқыту мен тәрбиелеуде құралдарды кешенді қолдану. Мектеп кабинеті, экономика және құқық бұрышы, оның мазмұны, ұйымдастыру және безендіру.

ТҚЖ және кабинетті жабдықтау. Экономика және құқық негіздері курсы оқытуда көрнекілік құралдар мен ТҚЖ қолдану. Мұғалім мен оқушылардың көрнекілік және техникалық оқыту құралдармен жұмысында әдістемелік тәсілдерді анықтауы.

#### *8. Құқық және экономика негіздерін оқытуда интерактивті және инновациялық әдістерді пайдалану әдістемесі*

Интерактивті әдістеменің мақсаты, міндеттері және функциялары. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдаланудың мәні мен жұмыс істеу тәсілдері. Сабақты ұйымдастыру мен басқаруда оқытудың интерактивті әдісті қолдану. Құқық және экономика негіздерін оқытуда интерактивті әдісті пайдалану жолдары. Құқық және экономика негіздерін оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану. Құқық және экономика негіздерін оқытуда ойын түрін пайдаланудың әдістемелік аспектілері.

Оқу үрдісінде оқытудың ойын түрін іске асыру технологиясы. Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны (АКТ) соның ішінде компьютер мен интернетті қолдану. Сабақтың жаңа түрлерінің мазмұны, құрлымы, өткізуі және ұйымдастыруы.

#### *9. Құқық және экономика негіздерін оқытуды ұйымдастырудың формасы.*

##### *Құқық және экономика негіздері сабағы*

Сабақ–оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде. Сабақтың құқықтық және экономикалық курстың, бөлімнің, тақырыптың мазмұн жүйесіндегі орны. Сабақ мұғалім мен оқушының іс-әрекеті, әдістемелік тәсілдері мен мазмұнының бірлігі ретінде. Құқық және экономика негіздері сабағының түрлері, сабақтың типтерін таңдау факторлары.

Экономикалық және құқықтық мәліметтерді меңгеруде оқушылардың түрлі өзіндік жұмыстарын дайындауы. Құқық және экономика негіздері сабағының дидактикалық материалдарын дайындау. Мектептегі құқық және экономика сабақтары: мақсаты, құрылымы. Сабақтың жоспар конспектісін құру. Тақырыптық және күнтізбелік жоспарлау.

#### *10. Құқық және экономика негіздерін оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері*

Оқыту әдісі ұғымы. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістерінің классификациясы. Оқыту әдістерін таңдаудың онтайлы өлшемдері. Оқыту «әдісі» мен «тәсілі» ұғымдарының ара қатынасы. Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісіндегі әдістер мен тәсілдердің танымдық, тәрбиелік және дамытушылық рөлі. Ауызша оқыту әдісі, оқытудың көрнекілік әдісі, оқытудың практикалық әдісі. Материалды ауызша баяндаудың рөлі: әңгіме, конспектілік, образды, сюжетті әңгімелеу, картиналық және аналитикалық суреттеу, сипаттама, түсіндіру, мектеп дәрісі. Құқық және экономика негіздерін түсіндірмелі-иллюстративті және проблемалық оқыту әдістері.

Оқушылардың негізгі біліктерін қалыптастырушы, тәсілдер мен құралдарды ұтымды іріктеу.

*11. Құқық және экономика негіздерін оқытуда педагогикалық технологияны пайдалану*

«Технология» ұғымы. Педагогикалық технология пәні, міндеттері мен функциялары. Педагогикалық технология мен әдістемені салыстырмалы талдау. Педагогикалық технологияның кезеңдері мен түрлері.

Педагогикалық технология-оқушылардың белсенді іс-әрекетін қалыптастырудың әдістері мен үрдістердің жиынтығы мен бірізділігі ретінде. Педагогикалық технология оқушыларды оқытуға, дамытуға, тәрбиелеуге, өзін-өзі іске асыруға, жетілдіруге бағытталған. Құқық және экономика негіздерін оқытуда педагогикалық технологияны пайдаланудың жолдары.

*12. Оқушылардың танымдық қызметінің белсенді әдістері мен түрлері және психологиялық -педагогикалық негіздері*

«Танымдық әрекет», «танымдық қызығушылық» ұғымдарының анықтамасы. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінде оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мәселесін оқып үйрену. Негізгі таным үрдісіне қысқаша сипаттама. Құқық және экономика негіздеріне оқушылардың танымдық қызығушылығының ерекшеліктері. Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушыларды дифференциалдық тұрғыдан оқыту мәселелері.

Оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастырудағы оқу материалдарының мүмкіндіктерін анықтау және сабақтың өтілуін талдау. Оқушылардың негізгі біліктерін қалыптастыруда ұтымды әдіс-тәсілдерді іріктеу. Құқықтық және экономикалық мәліметтерді меңгертуде оқушылардың түрлі өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру. Құқық және экономика негіздері сабағына дидактикалық материалдарды дайындау.

*13. Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың білімін тексеруді ұйымдастыру әдістемесі*

Оқушылардың білімін тексеру-оқу үрдісінің құрамдас бөлігі. Құқықтық және экономикалық пәндерді оқыту барысында тексеру мен бағалау оқу- әдістемелік мәселе ретінде. «Бақылау», «бағалау», «есепке алу» ұғымдарының өзара байланыстылығы. Құқық және экономика негіздерін оқытуда білім тексеру мен бағалау нәтижесінің міндеттері және мазмұны. Білім тексеруді ұйымдастыру, түрлері мен тәсілдері. Оқушылардың өзіндік жұмысында ағымды және қорытынды бақылауды өткізу әдістемесі. Білім алушылардың үлгерімін бақылау мен бағалау жүйесі.

Құқық және экономика негіздерін оқыту нәтижесін мұғалімнің бағалауы мен түсіндіруі. Оқушылардың білім мен біліктерін тексеру мен есепке алу-мұғалімнің өзін-өзі тексеру жұмысының маңызды құралы.

*14. Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісінде оқушыларды тәрбиелеу*



Құқық және экономика негіздері курсының тәрбиелік мақсаты мен мүмкіндіктерін іске асырудың әдістемелік жолдары. Қазақстандық патриотизмге, толеранттылыққа, ізгілікке, конфессияаралық және этникааралық келісімге тәрбиелеуді іске асыру. Тәрбиелік міндеттерді шешудің тиімді түрлері мен әдістерін таңдау. Сенім-нәтиже мен педагогикалық ықпал құралы ретінде.

#### 15. Құқық және экономика пәнінің қазіргі мұғалімінің тұлғасы

Құқық және экономика негіздері пәнін оқытуға мұғалімінің дайындығы. Курсты оқытуға мұғалімнің теориялық және әдістемелік дайындығы. Құқық және экономика негіздерін оқытуға қажетті оқу материалдарын жинақтау, іріктеу, жүйелеу. Сабақ – біртұтас жүйе.

Сабақтың компоненттері мен олардың өзара байланысы. Сабақтың тиімділігін арттыру жолдары. Дамыта оқыту жағдайында құқық және экономика сабағына қойылатын талаптар мен оның ерекшеліктері. Тақырыптық және күнтізбелік жоспарлау. Мұғалімнің кәсібилігін арттыру жолдары. Оқушылардың экономикалық сауаттылығы мен құқықтық тәрбиелеуде құқық және экономика негіздері сабақтарының маңызы.

#### Семинар және практикалық сабақтардың тақырыптарының тізімі

№	Тақырыптардың аттары
1	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің ғылым жүйесіндегі орны және оның пәні.
2	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі курсының дүниетанымдық, әдіснамалық және логикалық негіздері.
3	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің міндеттері, қазіргі жағдайы және жетілдіру бағыттары.
4	Құқықтық және экономикалық пәндерді оқытудың қазіргі тенденциялары.
5	Құқықтық және экономикалық пәндерді оқыту принциптері.
6	Құқық және экономика негіздерін оқыту барысында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі.
7	Құқық және экономика негіздерін оқытуда көрнекілік пен техникалық құралдарды пайдалану әдістемесі.
8	Құқық және экономика негіздерін оқытуда интерактивті және инновациялық әдістерді пайдалану әдістемесі.
9	Құқық және экономика негіздерін оқытуды ұйымдастырудың формасы. Құқық және экономика негіздері сабағы.
10	Құқық және экономика негіздерін оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері.
11	Құқық және экономика негіздерін оқытуда педагогикалық технологияны пайдалану.
12	Оқушылардың танымдық қызметінің белсенді әдістері мен түрлері және психологиялық -педагогикалық негіздері.

13	Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың білімін тексеруді ұйымдастыру әдістемесі.
14	Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісінде оқушыларды тәрбиелеу.
15	Құқық және экономика негіздері пәнінің қазіргі мұғалімінің тұлғасы.

Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары тізімі

№	СОӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны
1	Орта мектептегі құқықтық және экономикалық білім берудің қазіргі жүйесі.
2	Құқық және экономика бойынша құқықтық және экономикалық құжаттарды, заңдарды және басқа деректерді оқып үйрену.
3	Оқушылардың құқықтық және экономикалық білімін қалыптастыру үрдісі.
4	Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.
5	Құқық және экономика негіздерін оқытудағы пәнаралық және курсаралық байланыстар.
6	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістері мен әдістемелік тәсілдері.
7	Құқық және экономика негіздері сабағында оқыту әдістерін ғылыми тұрғыдан таңдауды қалыптастыру.
8	Мектептегі құқық және экономика негіздері курсына қатысты құқықтық және кәсіпкерлік қызметтің міндеттері мен негізгі мазмұны.
9	Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісінде ақпараттық білім беру технологиясы мен тәжірибелік-бағдарлы едеуір тиімді әдістерді пайдалану.
10	Білім беру үрдісінің мониторингінің формалары мен әдістері.
11	Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісінде оқулық, анықтамалықтар және басқа мәліметтер деректерімен жұмыс істеу біліктері мен дағдаларын қалыптастыру.
12	Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың өзіндік жұмысын орындау барысындағы жылдам бақылау әдістері.
13	Құқық және экономика негіздері сабақтарындағы интерактивті және проблемалық оқыту әдістері.
14	Оқытудың ойын түрі-құқық және экономика негіздерін оқытудағы белсенді әдістің бірі ретінде.
15	Көрнекілік және техникалық құралдарды пайдаланудың дидактикалық негіздері және оның оқыту үрдісіндегі рөлі.

Студенттердің өзіндік жұмысының тізімі

№	СӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны
1	Құқық және экономика пәнінің мұғалімі. Жеке тұлғалық және кәсіби күзерттілігі.
2	Құқық және экономика негіздері бойынша сабақтан тыс жұмыстар.
3	Құқық және экономика негіздерін оқыту құралдарына сипаттама.
4	Құқық және экономика негіздерін оқытудағы жаңа технологиялар.
5	Мектепте құқық және экономика негіздерін оқытуды жүйелеу мәселелері.
6	Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың өзіндік жұмысын орындау барысын жылдам бақылау әдістері.
7	Оқушылардың білімін тексерудің әдістері мен әдістемелік тәсілдері.
8	Құқық және экономика негіздерін оқып үйренудің дамытушылық маңызы.
9	Құқық және экономика негіздері сабағына қойылатын жаңа талаптар.
10	Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушыларды талдау мен қорытынды жасауға үйрету.
11	Құқық және экономика негіздерін күзиреттілік тұрғыда оқыту.
12	Құқық және экономика негіздері курсы бойынша оқу-әдістемелік кешенге сипаттама.
13	Құқықтық және экономикалық ұғымдарды қалыптастырудың әдістемелік жолдары.
14	Рөлдік ойын өткізу әдістемесі.
15	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістерінің жалпы сипаттамасы.

### Рефераттардың тақырыптары

1. Құқық және экономика негіздерін оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану.
2. Құқық және экономика негіздерін оқытуда құқықтық, экономикалық деректермен, құжаттармен жұмыс істеу тәсілдері.
3. Дамыта оқытудың құқықтық және экономикалық білім қалыптастырудағы рөлі.
4. Құқық және экономика негіздері курсы оқыту үрдісінде жетекші идеялар мен ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі.
5. Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың танымдық өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың мәні.
6. Құқық және экономика негіздері курсы игерудегі көрнекілік құралдарды пайдаланудың рөлі.
7. Құқық және экономика негіздерін оқытудағы инновациялық әдістер.
8. Құқықтық және экономикалық білімдерді қорытындылау әдістері.

9. Пәнаралық және курсаралық байланыстарды іріктеудің әдістері мен құралдары.

10. Құқық және экономика негіздері курсының тәрбиелік маңызы.

11. Құқық және экономика негіздерін оқытудың әдістеріне жалпы сипаттама.

12. Құқық және экономика негіздерін оқыту үрдісіндегі оқушылардың өзіндік жұмыстары.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Алматы., 2000.

2. Конституция Республики Казахстан в таблицах и схемах. – Алматы., 2003.

3. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан–2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты// Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан, 2012.

4. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 ж. // Егемен Қазақстан, 30 қараша 2015 ж.

5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ресми сайты Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан–2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты

6. [http://www.akorda.kz/ru/page/page\\_vystuplenie-prezidenta-kazakhstan-pered-studentami-nazarbaev-universiteta\\_1346990218](http://www.akorda.kz/ru/page/page_vystuplenie-prezidenta-kazakhstan-pered-studentami-nazarbaev-universiteta_1346990218).- ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ресми сайты.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Нұрлы жол–болашаққа бастар жол// Егемен Қазақстан, 2014 жыл, 11 қараша.

8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы».- Астана 2007.

9. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Республика ұстаздары, 2004, 24 қаңтар.

10. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2004, 16 қазан.

11. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана., 2010.

12. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы – Алматы., 1997.

13. «Құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулы.- Алматы., 1995.

14. Мұхамбетжанова С.Т. Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту.- Алматы., 2007.

15. Насырова М.Р., Тоқсанбай С.Р., Кулпыбаев С.К., Гуляева С.П. Современный экономический русско-казахский толковый словарь-справочник.- Алматы., 2003.

16. Юсуфбекова Н.Р. Педагогикалық иноватиканың жалпы негіздері: білім берудегі инновациялық процестердің теориясын талдау тәжірибесі.-М., 1991

17. Кобдикова Ж.У. Орта мектепте білім алуды технологияландыру. – Алматы., 2002. 45 б.
18. Сартаев С. Құқықтық мемлекет. -Алматы., 1998.
19. Құқықтану негіздері. Жүкешев Қ., Әлибаева Г., Нәшірбаева Х. Жалпы орта білім беретін бағдарлы мектептің 9 сыныптарына арналған бағдарламалар (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттары).-Алматы.: 2006.
20. Құқықтану. Ибраева А., Айтхожин К., Әлибаева Г. Оқулық. Жалпы орта білім беретін бағдарлы мектептің 10 сыныптарына арналған оқулық (қоғамдық-гуманитарлық бағдарлы мектептің 10-сыныбына арналған) .- Алматы.: Мектеп, 2006.;
21. Құқықтану. Ибраева А., Айтхожин К., Әлибаева Г. Хрестоматия. Қоғамдық-гуманитарлық бағдарлы мектептің 10-сыныбына арналған) .-Алматы.: Мектеп, 2006.
22. Құқықтану негіздері. Сарсембаева М.Н. Оқулық 10-11 сыныбына арналған (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде).-Алматы.: Мектеп, 2006.
23. Құқық негіздері. Қыдырқожаева Н. Дидактикалық материалдар. Жаратылыстану-математика бағытындағы бағдарлы мектептің 10-сыныбына арналған (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде).-Алматы.: Мектеп, 2006.
24. Адам және қоғам. Мәжитов С. т.б. 9- 11-сыныпқа арналған электронды дидактикалық құрал (20 тақырып бойынша). –Алматы.: РАБО, 2004.
25. Қоғамдық білім негіздері. Нысанбаев Ә., Есім Ғ., Изотов М., Жүкешев Қ., Адамбосынов Қ., Құлсариева А. Оқулық. Қоғамдық-гуманитарлық бағдарлы мектептің 9-сыныбына арналған (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде). – Алматы, Мектеп, 2006.
26. «Адам. Қоғам. Құқық». Оқулық. Жүкешев Қ.М., Сапарғалиев Ғ., Асанбекова Г.- Алматы: Мектеп, 2005.; «Адам. Қоғам. Құқық». Хрестоматия. Жүкешев Қ.М., Асанбекова Г.- Алматы: Мектеп, 2005.;
27. «Адам. Қоғам. Құқық». Оқулық. Жүкешев Қ.М., Асанбекова Г., Бейсебекова Г.- Алматы: Мектеп, 2005.
28. Адам құқығы. Нәрікбаев М. –Алматы: «ҚазМЗУ», 2002.
29. Савицкая Е.В. Уроки экономики в школе. В 2 книгах. Пособие для учителя.- М.: Вита-Пресс, 2000.
30. Балабанов, В. С. Методика преподавания экономических дисциплин / В. С. Балабанов, В. Н. Кириллов, Р. Т. Юлдашев. – М. : Анкил, 2000.
31. Кайзер, Ф.-Й. Методика преподавания экономических дисциплин : книга для учителя / Ф.-Й. Кайзер. - М.: Вита-Пресс, 2007.
32. Сапарғалиев Г. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері.- Алматы 1998.
33. Правовые основы предпринимательства в Республике Казахстан «Общественный фонд формирования налоговой культуры». -Алматы, 2001.
34. Колесникова, Е. В. Теория и методика обучения технологии и предпринимательству: учебно-методический комплекс / Е. В. Колесникова. – Томск : изд-во ТГПУ, 2007.

- 35.Корниенко О.В. Настольная книга преподавателя экономики.- Ростов-на-Дону, Феникс, 2006.
- 36.Папенков, К. В. Методология экономической науки и методика преподавания экономической теории / К. В. Папенков, М. М. Крюков – М. : ЭФ МГУ, ТЕИС, 2007.
- 37.Сарбасова, Т. С. Методика преподавания экономических дисциплин: учебное пособие для студентов / Т. С. Сарбасова.- Алматы: изд-во Казах.ун-т, 2008. – 58 с.
- 38.Хвесеня, Н. П. Методика преподавания экономических дисциплин: учебно-методический комплекс / Н. П. Хвесеня, М. В. Сакович. – Минск : БГУ, 2006.

**Құрастырғандар:**

Әбдіғұлова Б.Қ. - п.ғ.д., профессор

Джайнакбаева Г. Т - п.ғ.к., доцент

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

МКТ 1302 Мемлекет және құқық теориясы

5B011500 –Құқық және экономика негіздері

2 кредит

Алматы, 2016



## АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

#### 4. Пікір берушілер:

Есетова С.К. – з.ғ.д., асс. профессор, Еуразиялық технологиялық университет

Мұқтарова А.К. – з.ғ.к., профессор, Каспий Қоғамдық университеті

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

## Түсінік хат

**Мемлекет және құқық теориясын оқытудың мақсаты** студенттерге мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы, жалпы тұтас алғанда: мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы мен қызмет етуінің заңдылықтары, олардың демократиялық қоғамдағы ролі, мемлекеттің типтері мен нысандары, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістері мен нысандары туралы; жеке тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің табиғаты мен мәні туралы; қазіргі таңдағы құқықтың мәнін түсінудің әртүрлі жолдарын, оның реттеушілік мүмкіндіктерін; құқық шығармашылықтың ерекшеліктері мен құқықтық реттеудің механизмі туралы, заңдылық пен конституциялылық, адам құқықтары мен бостандықтары және оларды қамтамасыз етудегі заңның ролі туралы, құқықтық қатынастардың түрлері, құқыққа сай және құқыққа қайшы мінез-құлық, т.б. туралы қазіргі таңдағы білім беру.

**Пәннің міндеті.** Мемлекет және құқық теориясы негізгі теориялық пән болғандықтан, ол мемлекет пен құқықты біртұтас жүйе ретінде оқып-зерттеуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар мемлекет пен құқық теориясы салалық заң ғылымдарында қолданылатын негізгі ұғымдар мен категорияларды, қатынастардың барлық түрлерін зерттеудің әдіснамалық негізін жасайды. Студенттердің заңи ойлауы мен пайымдауын, кәсіби құқықтық сана-сезімдерін; алған білімдерін қолдана білу қабілеттерін қалыптастырады. Бұл пәнді оқып-үйрену барысында студенттер мемлекеттік-құқықтық өмірдің құбылыстарына сай дәстүрлі әдіс-тәсілдермен танысып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстанда қалыптасқан мемлекеттік-құқықтық тәжірибеге де талдау жасайды. Студенттерге қазіргі таңдағы мемлекеттік-құқықтық институттардың қоғамдағы атқаратын ролі мен орны, олардың мүмкіндіктері туралы шынайы әрі жан-жақты білім беру үшін пәнді оқыту барысында барынша ғылыми негізділік пен объективтілікке ұмтылу қажет.

**Аталған пәнді оқытудың әдістемелеріне жатады:**

- дәрістер оқу,
- тәжірибелік сабақтар өткізу;
- СӨӨЖ;
- СӨЖ.

**Студенттер білулері және меңгерулері қажет:** мемлекет және құқық теориясы пәнін оқып-үйренудің нәтижесінде студенттер мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесі мен құзырына, олардың өзара қарым-қатынасы мен құрылу тәртібіне қатысты негізгі нормативтік актілер мен Конституцияның мазмұнын білуге, практикадан мысалдар келтіре білуге, СӨЖ орындауда және казустарды шешуде НҚА дұрыс қолданып, өзекті мәселелерді семинар сабағында талқылай білуге міндетті. Ол үшін студенттер негізгі және қосымша әдебиеттерді оқып, қажет болған жағдайда оқытушыдан ақыл-кеңес алулары қажет.

Оқу пәнінің тақырыптарын теориялық тұрғыдан ғана ұғынып-түсініп қоймай, сонымен қатар қоғам өміріндегі болып жатқан мемлекеттік-құқықтық өзгерістерді талдап, қабылданатын қандай да бір нормативтік актілердің салдарлары мен нәтижелері туралы болжамдар жасай білуге дағдылану маңызды болып табылады.

***Жалпы мәдени құзыреттілік (ОҚ):***

кәсіби міндеттерін адал орындау, заңгерлер этикасы қағидаларын сақтау:

ойлау мәдениетін, ақпаратты талдау, қабылдау және түйіндеу қабілетін меңгеру, мақсат қою және оған жетудің жолдарын таңдау;

ауызша және жазбаша сөздерін логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және анық жеткізе білу;

жемқорлық іс-әрекеттерге қарсы тұру, құқық пен заңды сақтау;

өзін-өзі дамытуға, біліктілігін және шеберлігін жетілдіруге ұмтылу.

***Кәсіби құзыреттілік (КҚ):***

кәсіби қызметін құқықтық сананың, құқықтық ойлаудың және құқықтық мәдениеттің жоғары дамыған дейгейінде жүзеге асыру;

тек қана заңды шешімдер қабылдау және заңи әрекеттер жасау;

кәсіби қызмет барысында нормативтік құқықтық актілер қолдану, материалдық және процессуалдық құқық нормаларын жүзеге асыру;

фактілер мен мән-жайларды заң тұрғысынан дұрыс саралау;

құқықтық құжаттарды дайындау;

жеке адамдардың қадір-қасиеті мен ар-намысын құрметтеу, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

әртүрлі құқықтық актілерге түсінік беру.

***Пән пререквизиттері***

Мемлекет және құқық теориясын оқып-үйрену үшін студенттердің алдымен мына пәндермен танысқаны абзал:

1. Мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы. Тақырыптар: Мемлекет пен құқықтың тарихи нысандары. Тарихи құқық ескерткіштері.

2. Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы. Тақырыптар: Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуының тарихи алғы шарттары. Егеменділіктің қалыптасу кезеңдері және қазақстандық мемлекеттіліктің даму келешектері. «Жеті Жарғы» және басқа да бұрынғы құқықтық ескерткіштер.

3. Конституциялық құқық. Тақырыптар: Мемлекеттік билік, оның ерекшеліктері. Тікелей және өкілді демократия. Адам құқықтары мен бостандықтары. Мемлекет, жеке тұлға, қоғам. Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, Конституциялық кеңестің, Жоғарғы Соттың конституциялық мәртебесі.

4. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Тақырыптар: мемлекет және құқықтың тарихи типтері және нысандары. Тарихи құқықтық

ескерткіштер. Ежелгі дүние, орта ғасыр, жаңа және қазіргі заман мемлекет және құқығы.

**Пән постреквизиттері:** мемлекет пен құқық теориясы негізгі және әдіснамалық пән, бұл пәнді оқып-үйрену заң салаларының барлық пәндерін меңгеруде маңызды болып табылады.

## 2. Оқу пәнінің тақырыптық жоспары мемлекет және құқық теориясы

№	Тақырып атаулары	Контактiлiк сағаттар				СООЖ	СӨЖ
		Барлығы	Соның ішінде				
			Дәріс	Сем. Сабақ.	Лабор. Сабақ.		
<b>1 бөлім</b>							
1	Мемлекет және құқық теориясы ғылым және оқу пәні ретінде. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдістері. Мемлекет және құқық теориясы заң ғылымдары жүйесінде.	6	1	1	-	2	2
2	Қоғам және мемлекет. Қоғамының саяси жүйесіндегі мемлекет.	6	1	1	-	2	2
3	Мемлекет түсінігі, мәні, функциялары. Мемлекеттік билік және мемлекет механизмі.	6	1	1	-	2	2
4	Мемлекет типологиясы. Мемлекет нысандары.	6	1	1	-	2	2
5	Мемлекет, құқық, тұлға. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет.	7	1	2	-	2	2
6	Құқықтың түсінігі, мәні және әлеуметтік	6	1	1	-	2	2

	тағайындалуы. Қоғамда құқықтың өзге әлеуметтік нормалармен өзара әрекеттесуі.						
7	Құқық түсінушіліктің негізгі концепциялары.	5	1	-	-	2	2
<b>2 бөлім</b>							
8	Құқық нормалары және нысандары (қайнар көздері).	6	1	1	-	2	2
9	Құқықтық жүйе, құқық жүйесі және заңнама жүйесі. Қазіргі замандағы құқықтық жүйелер.	6	1	1	-	2	2
10	Құқық шығармашылық және нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу. Заң техникасы.	6	1	1	-	2	2
11	Құқықты іске асыру және қолдану. Құқық нормаларына түсінік беру.	6	1	1	-	2	2
12	Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.	6	1	1	-	2	2
13	Құқықтық қатынастар.	6	1	1	-	2	2
14	Құқыққа сай жүріс-тұрыс, құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік. Заңдылықты құқықтық тәртіпті нығайту жолдары.	7	1	2	-	2	2
15	Құқықтық реттеу механизмі.	5	1	-	-	2	2
	<b>Барлығы:</b>	<b>90</b>	<b>15</b>	<b>15</b>	<b>-</b>	<b>30</b>	<b>30</b>

### 3. Оқу пәнінің мазмұны

**Тақырып 1. Мемлекет және құқық теориясы ғылым және оқу пәні ретінде. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдістері. Мемлекет және құқық теориясы заң ғылымдары жүйесінде.**

Мемлекет және құқық теориясының ғылымилық қағидасы. Мемлекет және құқық теориясының функциялары: зерттеуші-танымдық, бағыттаушы, тәрбиелеуші, болжаушы. Мемлекет және құқық теориясы курсының жүйесі. Заңи дүниетаным қалыптасуындағы және кәсіби-заңгерді қалыптастырудағы мемлекет және құқық теориясының рөлі. Мемлекет және құқық теориясының

фундаментальді және қолданбалы міндеттерінің үйлесуі және олардың өзара толықтырылуы.

Мемлекет және құқық теориясындағы жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістемелердің үйлесімділігі. Салыстырмалы, нақты-әлеуметтік, статистикалық, формальды-заңдылық, кибернетикалық және басқа да жеке әдістер және олардың ғылыми танымдағы рөлі.

Мемлекет және құқық теориясында талдау, синтез, индукция, дедукция, болжау (гипотеза) сияқты ғылыми әдістерді қолдану.

Мемлекет және құқық теориясы мен негізгі гуманитарлық ғылымдардың (философия, саясаттану, әлеуметтану, экономикалық теория) өзара қатынасы. Заңтанудың әдістемесін қалыптастыру және дамыту үшін мемлекет және құқық теориясында философия ережелерін қолдану.

Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттейтін ғылым жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының алатын орны. Мемлекет және құқық теориясы және шетелдердің мемлекет және құқық тарихы, сонымен қатар, ҚР-ның Мемлекет және құқық тарихымен өзара байланысы. Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудегі тарихи қағидасы. Мемлекет және құқық теориясы мен нақты (соның ішінде салалық) юридикалық пәндер.

Нақты юридикалық ғылымдарды зерттеу және таным қызметтерінің тәжірибелерін жалпылау, сонымен қатар, мемлекеттік-құқықтық даму заңдылығын жеке талдау заңтану саласындағы әдістемелік маңызы бар мемлекет және құқық теориясының жалпы қағидаларының негізі ретінде.

## **Тақырып 2. Қоғам және мемлекет. Қоғамының саяси жүйесіндегі мемлекет.**

Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің маңызды бөлігі ретінде. Саяси және мемлекеттік-құқықтық институттары, құрылымы, қатынастары; олардың қасиеттері мен белгілерін ажырату қажеттілігі.

Қоғамның саяси жүйесінің құрылымы. Саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, жаппай қозғалыстардың саяси жүйедегі алатын орны, олардың мемлекетпен оның органдарымен өзара қатынасы. Мемлекетті басқаруға саяси партияның қатысу нысандары.

Қазіргі кезеңдегі ҚР-ның саяси жүйесінің эволюциясы.

## **Тақырып 3. Мемлекет түсінігі, мәні, функциялары. Мемлекеттік билік және мемлекет механизмі.**

Мемлекет – саяси, құрылымдық, территориалдық ұйым ретінде және оның бұқаралық билік, бодандарын территориалық бөлу, аппаратты ұстау үшін тұрғындардан салықты жинау тірізді белгілері мен қасиеттерінің қалыптасуы.

Мемлекеттің пайда болуы туралы негізгі теориялар: патерналистік, теологиялық, келісім-шарттық, психологиялық, күштеу, диалектико-материалдық және тағы басқалары. Көрсетілген теориялардың жағымды жақтары мен кемшіліктерін ғылыми бағалау.



Мемлекет адамзаттың жалпы өмір сүруінің ерекше саяси ұйымы ретінде. Мемлекеттің мәні және оның эволюциясы: мемлекет дамуының әртүрлі сатысындағы мемлекетпен шешілетін жалпы әлеуметтік және таптық міндеттері қатынасындағы өзгерістер. Мемлекеттің негізгі ерекше белгілері, олардың басқа қоғамдағы ұйымдардан айырмашылығы. Мемлекеттің қызмет етуіне оның алдында тұрған міндеттер мен мемлекет мәнінің ықпалы. Мемлекет функциялары (қызметтері) ұғымының қалыптасуына деген әр түрлі көзқарастар. Мемлекет функцияларының жіктелуі: ішкі және сыртқы, тұрақты және уақытша, негізгі және негізгі емес.

Қазіргі кезеңдегі мемлекет функцияларының даму эволюциясы. Адам құқықтарын қамтамасыз ету, кепілдік беру және қорғау функциясы – либералды-демократиялық мемлекеттің басты функциясы. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және қорғаушылық функцияларының және басқа да мемлекеттермен ынтымақтасуды күшейту функциясының жоғарылау рөлі.

Мемлекет функцияларының жүзеге асырылуының құқықтық және ұйымдастырушылық нысандары. Мемлекет функцияларының мазмұны, әрекет ету объектілері және жүзеге асырылу әдістері. Мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың функцияларының ара қатынасы.

Қоғамның жаңару, нарықтық қатынасқа өту, әлемдік қауымдастыққа өту кезеңдерінде мемлекет функцияларының дамуы. Мемлекеттік биліктің егеменділігі – мемлекеттің саяси-юридикалық өзіндік сипаты ретінде. Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің түрі ретінде, оның жүзеге асырылу тәсілдері мен нысандары. Құқық мемлекеттік билікті шектеу үшін тиімді тәсіл ретінде және оны соққыға ұшыратпау. Мемлекет бұқаралық-құқықтық қауым ретінде. Мемлекет және мемлекеттілік: шектері мен арақатынасы.

Мемлекет механизмі (аппараты) түсінігі, оның құрылымдық қағидалары және қызмет ету қағидалары: биліктің бөлінуі, демократизм, интернационализм, кәсібилік, заңдылық, тұрғындардың мүдделерін жүзеге асыру.

Мемлекеттік аппараттың кадрлары. Мемлекеттік қызмет институтының дамуы. Мемлекеттік қызметкерлердің саяси және әкімшілік болып бөлінуі, олардың мәртебелерінің айырмашылығы.

Мемлекет механизмі (аппарат) құрылымы. Мемлекет органы, оның міндеттері, функциялары, құзыреті. Билік өкілеттігінің болуы – мемлекет органның ерекше белгісі. Мемлекет органдарының заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына жіктелуі. Мемлекеттің жоғары және жергілікті органдары. Жалпы және арнайы құзыретті органдар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесі: Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, Жоғары Сот, Прокуратура, министрліктер және ведомстволар, жергілікті мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

Биліктің ұйымдастырушылық-мәжбүрлеуші құралдары (әскер, барлау, түрме) мемлекет механизмінің құрамдас бөлігі ретінде. Олардың заңға қатаң сәйкес қызмет етуі.



#### **Тақырып 4. Мемлекет типологиясы. Мемлекет нысандары.**

Мемлекеттің мәнін және оның қоғамдық тағайындалуын дұрыс түсіну үшін мемлекет типологиясының ғылыми маңызы.

Осы кезеңде болған қоғамдық-экономикалық формация мен мемлекеттің өзара байланысының ажырамас қажеттілігі ретінде қарастырудан туындайтын мемлекет типологиясының формациялық негіздері. Мемлекет типологиясына деген мәдени және социомәдени факторларды (құндылық, діни, психологиялық, этнодіни, демографиялық және т.б.) ескере отырып, мемлекет типологиясының өркениеттік негіздерін зерттеудің табандық қажеттілігі.

Мемлекеттің типологиясының формациялық және өркениеттік өлшемдерінің тиімді үйлесуі – қоғам өміріндегі оның рөлі мен маңыздылығын дұрыс түсіндіруге және өлшемді бағалауға деген жолы.

Мемлекет нысаны түсінігі. Мемлекет нысанын мемлекет мәнімен салыстырғандағы мемлекет нысанының қатысты дербестігі. Мемлекет нысанын анықтайтын факторлар: экономикалық, саяси, тарихи, ұлттық, географиялық, климаттық, басшының жеке қасиеттері.

Басқару нысаны. Басқарудың монархиялық және республикалық нысандары, олардың түрлері, ерекшеліктері және қоғам өміріндегі рөлі.

Мемлекет құрылым нысаны. Унитарлы және федеративті мемлекеттер олардың ерекшеліктері. Ұлттық-этникалық белгілеріне негізделген федерациядан, территориялды-мемлекеттік қағидаға негізделіп құрылған федерацияның айырмашылығы. Аралас федерация. Федерацияның конфедерациядан айырмашылығы. Басқа да мемлекеттік және мемлекетаралық ұйымдар: қауымдар, достастықтар, империялар. Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөліністері.

Мемлекеттік-саяси режим және оның түрлері. Либералды-демократиялық, авторитарлық және тоталитарлы режимдердің сипаты.

#### **Тақырып 5. Мемлекет, құқық, тұлға. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет**

Мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуындағы дуализм: мемлекет қоғамды басқару құралы және таптық дауды шешу құралы ретінде. Қоғамдағы үстем таптың немесе үстем әлеуметтік қабаттың мемлекетті біржақты таптық бағдарына көндіру ұмтылысы. Осындай ұмтылыстан баяу құтылу және либералды-демократиялық бағдарды орнықтыру – қоғамның алдыңғы қатарлы күшін қолдау арқылы қазіргі саяси-құқықтық дамудың ең маңызды тенденциясы. Ірі ресурстарды (ұйымдастырушылық, материалдық, қаржылық, адамдық) және мүмкіндіктерді (биліктік өкілеттікті пайдалану, мәжбүрлеу және т.б.) мемлекетте шоғырландыру, сонымен қатар, осыған байланысты қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани процестеріне позитивті және негативті әсер ету қабілеті, қоғамның даму деңгейіне және оның бағытына белгілі көлемде ықпал ету.

Қазіргі замандағы саяси-құқықтық дамуының тенденцияның бірі ретінде жеке тұлғаның басымдылығының баяу бекуі.

Азаматтылық институтының демократиялануы. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары түсінігі. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары және адам құқықтары мен бостандықтары арақатынасы. Мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігі. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, оның әлеуметтік және заңды қорғалуының бекітілуі. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтаумен күресудегі халықаралық құқықтың күшеюі.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы – құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары. Мемлекеттің қысымына қарсы тұру мүмкіндігі бар, азаматтық қоғамның институттары (партиялар, қоғамдық ұйымдар, тәуелсіз баспалар, қоғамдық пікір).

Құқықтық мемлекетті құрудың объективтік қажеттілігі, оның негізгі сипаттамасы: мақсаттары, міндеттері, қызметтері, әлеуметтік тағайындау. Құқықтық мемлекеттің саяси, экономикалық және адамгершілік тұғыры.

Этатистік мемлекеттен құқықтық мемлекеттің айырмашылығы. Адам құқығының қамтамасыз етілуі, қорғалуы – құқықтық мемлекеттегі саяси режимнің қасиеті. Құқық және бостандықтың нақтылығы, олардың кепілдігі жеке тұлғаның еркін және абыройлы өмір сүруіне жағдай жасау. Мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі.

Құқық пен заңның бірлігі – құқықтық мемлекеттің нормативтік жүйесінің ерекшелігі. Заңдылық және әділеттілік, заңның үстемділігі, құқық қолдану және құқық қорғау қызметтерінің тиімділігі қағидаларын сақтау. Биліктің бөлінуі, тепе-теңдік және тежемелік механизмін қатаң қамтамасыз ету. Жемқорлықтан тәуелсіз объективті сот, «заңда тыйым салынбағанның барлығына рұқсат» қағидасын қамтамасыз ету.

Қазақстанда құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам қалыптасу жолдары.

## **Тақырып 6. Құқықтың түсінігі, мәні және әлеуметтік тағайындалуы. Қоғамда құқықтың өзге әлеуметтік нормалармен өзара әрекеттесуі.**

Құқықтың өмір сүруінің экономикалық, саяси-әлеуметтік және идеологиялық себептері. Қоғамның дамуының белгілі кезеңіндегі пайда болған қажеттілік жалпы ереже бойынша күннен күнге қайталанып жатқан өндіріс, бөлу және айырбастау актілерін қамтитындығы туралы Ф. Энгельстің ойы. Еңбек және мүліктік қатынастарды нормативті реттеудің маңыздылығы, мемлекет механизмі қызметінің тәртібін нормативті бекіту, олардың құрылымдардың арасындағы міндеттерді бөлу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілін бекіту, қылмыстылық және құқық бұзушылықпен күресу бағыттарын анықтау.

Құқықтың қоғамдық қатынастарға ықпал етуінің реттеушілік мазмұны: бір азаматтың құқық өкілеттігін елестету, басқаларға міндетті жүктеу, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту.

Құқық пен мемлекеттің байланысы. Субъективтік құқық және объективтік құқық, олардың арақатынасы.

Қоғамдағы әрекет етуші әлеуметтік нормалардың саналуандығы. Әлеуметтік нормалардың жіктелуі, олардың техникалық нормалардан айырмашылығы.

Адамдардың мінез-құлқын реттеу үрдісінде құқықтық, моральдік, адамгершілік нормалардың өзара әрекеттену нысандары. Әдет ғұрыптар мен дәстүрлерінің ерекшеліктері, оларды тәжірибеде қолдану ортасымен, құқықтық нормалармен қатар қоюы. Саяси партиялар нормалары. Діни нормалардың әрекеттенуінің күшеюі.

Қазіргі таңдағы құқық нормаларының гуманизм проблемалары.

### **Тақырып 7. Құқық түсінушіліктің негізгі концепциялары.**

Қазіргі замандағы құқық түсінушілікке жалпы мінездеме: құқық түсінігіне жеке көзқарастары бар мектептердің көпшілігі. Құқықты түсінудің негізгі әдістері: психологиялық және әлеуметтік ( құқық нормалар және жиынтығы ретінде, құқық құқықтық сана ретінде, құқық құқықтық қатынастар ретінде). Әр құқық түсінушіліктің әрқайсысына бірен-саран мінездеме.

### **Тақырып 8. Құқық нормалары және нысандары (қайнар көздері).**

Құқық нормасы – адамдардың тәртібінің ережесі, үлгісі, өлшемі, мінез-құлық көлемі ретінде. Құқық нормасының белгілері – оның жалпыға міндеттілігі, әрекеттің көп қайталанбалылығы, мемлекеттің ықпал ету шарасымен қамтамасыз етілуі, өкілді-міндеттеуші сипаты. Жеке құқықтық ұйғарымдардан, сонымен қатар, мемлекеттік органдардың шақыру мен жолдаулардан құқықтық норманың айырмашылығы. Құқық нормасы мен НҚА баптарының арақатынасы. Диспозиция құқық нормасының негізгі бөлігі ретінде, санкция мен гипотезаның функционалдық тағайындалуы. Құқық нормасының түрлері. Құқық нормасының жіктелу өлшемдері: заңдық күші, адамдардың мінез-құлқына ықпал ету тәсілдері (міндеттеу, тыйым салу, рұқсат беру), реттеу пәні мен әдісі, әрекет ету аумағы.

НҚА, оның белгілері және жеке-құқықтық актілерден (қолдану және талқылау актілерінен) айырмашылығы.

НҚА түрлері, олардың әртүрлі өлшемдерге (заң күшу, оларды шығаратын субъектісі, әрекет ету аумағы және т.б. бойынша) байланысты жіктелуі. НҚА иерархиясы.

Мемлекеттің құқық жүйесінде заңның жетекші орны. Құқық және заң. Заңның үстемдігі. Заңның түрлері – негізгі, конституциялық, кодекстер және қарапайым. Заң шығармашылық актілері.

Заңға бағынышты НҚА: Президент, Парламент, атқару билік, сот, жергілікті басқару органдарының актілері. Конституциялық Кеңестің актілері.

Нормативтік актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі. НҚА уақытта, кеңістікте және тұлға бойынша әрекет етуі.

Заң ғылымында құқықтың қайнар көздері түсінігі. Құқықтың қайнар көздерінің түрлері және олардың арақатынасы. Құқықтың қайнар көздерінің материалдық және заңи мағынасы. Құқықтық әдет-ғұрып, әдет-ғұрып құқығы.

Прецедент англо-саксондық құқық жүйесі бар мемлекеттерде және кейбір басқа да мемлекеттерде құқықтың қайнар көзі ретінде. Соттық және әкімшілік прецеденттердіне рекшеліктері.

НҚА – қазіргі қазақстандық құқықтың негізгі қайнар көзі.

### **Тақырып 9. Құқықтық жүйе, құқық жүйесі және заңнама жүйесі. Қазіргі замандағы құқықтық жүйелер.**

Қоғамның құқықтық жүйесі және оның элементтері.

Құқық нормаларының құқықтық институттарға, салаларға және бағынышты салаларға бөліну негіздері. Құқықтық реттеудің пәні мен әдісіне сипаттама, сонымен қатар, қоғам өмірінің тиесілі аумағындағы құқықтық реттеуге деген мемлекеттің мүдделілігі. Құқық жүйесінің экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани қатынастарындағы негізділік.

Материалдық және процессуалдық құқық саласы. Бұқаралық және жеке құқық. Ішкі мемлекеттік құқықтың жүйесі және оның халықаралық құқықпен арақатынасы. Ұлттық заңнама акті алдындағы халықаралық құқықтың үстемділігі баяу бекітілуі. Заңнаманың кешендік саласы. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің ырғақтық динамизм айырмашылықтары. Құқықтық институттар мен субинституттарына, саласы мен бағынышты саласына жалпы сипаттама.

Рене Давид «құқықтық отбасы» және қазіргі құқықтық жүйелер туралы. Континенталды, англосаксонды, дәстүрлі діни құқықтық жүйелерге сипаттама. Аралық құқықтық жүйелер (латиноамерикандық, скандинавиялық және т.б.)

### **Тақырып 10. Құқық шығармашылық және нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу. Заң техникасы.**

Құқық шығармашылық және оны негіздейтін факторлар. Құқық шығармашылық және заң шығармашылық үрдісінің сатылары. Заң шығармашылықтың бастамасы, оның субъектілері, реттеу нысандары. Заң жобаларын дайындау, оны Парламентке енгізу және талқылау. Заңдарды және басқа да мемлекеттің нормативтік-құқықтық актілерін қабылдау және оларды жариялау. Құқық шығармашылықтың қағидалары: демократизм, заңдылық, кәсібилік, тұрғындардың мүдделерін ескеру.

Заңнаманы жүйелеу түсінігі. Жүйелеудің түрлері. НҚА инкорпорацияның, кодификацияның, консолидацияның ерекшеліктері. Кодификация және консолидация актілері: кодекстер, заңнама негіздері, заңдар жинағы, ережелер, жарғылар.

Заң техникасы түсінігі және белгілері. Заң техникасының түрлері. Заң техникасының нормативтік актілерді жүйелеуде және құқық шығармашылық сапасын қамтамасыз етудегі орны, оған қолданылатын терминдер мен

ұғымдар талаптары. Заңнаманы жүйелендірудің кейбір жұмыстарын электронды есепке алу (компьютерлендіру).

### **Тақырып 11. Құқықты іске асыру және қолдану. Құқық нормаларына түсінік беру.**

Құқықты іске асыру оның талаптарын өмірге әкелу. Құқықты іске асыру нысандары (орындау, сақтау, пайдалану және құқықты қолдану, субъективтік құқықты жүзеге асыру және құқықтық қатынас субъектілерінің юридикалық міндеттерін орындау). Құқықпен тыйым салынған әрекеттерден ұстану. Құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу. Әр құқықтық норма әрекерінің қайталанбалығын есепке алу және оның соммалық нәтижесі. Құқықты іске асырудың юридикалық және фактілік сатылары. Құқықты іске асыру мен құқықтық реттеудің арақатынасы.

Құқықты дұрыс іске асырудың ұйымдастырушылық-юридикалық қамтамасыз етілуі.

Құқық нормаларын қолдану – құқықты іске асырудың ерекше нысаны. Кейбір өмірлік жағдайларға сәйкес, құқықтық нормаларды қолданатын субъектілер (мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар). Құқық қолдану қызметі қажеттілігі туындайтын оқиға.

Құқықтық нормаларды қолданудың үдерісінің сатылары. Құқықтық норманы қолдануды қажет ететін істің нақты мән жайын ашу, қолданатын норманың заңи қасиетін және растылығын тексеру, шешім қабылдау және оны рәсімдеу. Құқық нормаларын қолдану актілері, олардың түрлері және ерекше белгілері. Құқық қолдану актілерінің негізділігін және заңдылығын қамтамасыз ету. Құқық қолдану актілерінің тиімділігі.

Заңдарға және мемлекеттің басқа да НҚА түсінік беру – олардың талаптары мен ұйғарымдарын дұрыс қолдануда, орындауда және жүзеге асырудағы алғышарт ретінде. Түсінік беру нормативтік актілерінің юридикалық мазмұнын ұғындыру (логикалық, тарихи-филологиялық, жүйелік) ретінде. Түсінік беру талқыланатын актілерді түсіндіру (ресми және ресми емес; нормативтік және казуистикалық; аутентикалық; доктриналдық) ретінде. Түсінік беру нормативтік актілерді талқылау (сөзбе-сөз, таралымдық, шектеулі) ретінде.

Құқықтағы ақтаңдақтар, оларды орнын толтыру тәсілдері. Құқық және заң аналогиясы (ұқсастық).

### **Тақырып 12. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.**

Құқықтық сана қазіргі болмыстың бейнелену нысаны ретінде. Қоғамдық, таптық, топтық, жеке құқықтық сананың ерекшеліктері. Заңгерлердің кәсіби құқықтық санасы және қоғамның құқықтық мәдениетін көтерудегі оның алатын орны.

Құқықтық сананың құрылымы: құқықтық идеология, әлеуметтік-құқықтық психология, олардың байланысы өзара ықпалы, олардың арасында қарама қайшылық пен алшақтықтың мүмкіндігі.



Құқық пен құқықтық сананың өзара әрекеттестігінің нысаны. Құқық шығармашылық, құқықты іске асыру қызметінде құқық бұзушылықтың алдын алу, құқыққа сай әрекет және іс қимылдарды таңдаудағы құқықтық сананың рөлі. Құқықтық сананың қалыптасуы мен дамуына құқықтық нормалар мен институттардың ықпалы.

Қоғамның, социумның, жеке адамдардың құқықтық мәдениеті. Құқықтық мәдениет пен саяси мәдениеттің ара байланысы, олардың өзара әсері.

### **Тақырып 13. Құқықтық қатынастар.**

Құқықтық қатынас қоғамдық байланыстың ерекше түрі ретінде. Құқықтық қатынастың экономикалық, әлеуметтік-саяси және басқа да қатынастар. Құқықтық қатынас құқық нормасының талаптарын іске асыру тәсілі ретінде. Құқықтық қатынасты субъектілері, мазмұны және объектісі бойынша жіктеу.

Құқықтық қатынастың субъектілері. Құқықсубъектілік, құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік және деликтқабілеттілік. Құқықтық мәртебе. Азаматтар (шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар), мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар құқықтық қатынас субъектілері ретінде. Жеке және заңды тұлғалар. Мемлекет құқықтық қатынастың ерекше субъектісі ретінде.

Құқықтық қатынастың объектілері және олардың жіктелуі.

Құқықтық қатынас тараптарының субъективтік құқықтары мен заңды міндеттері, оларды байланыстыратын қатынастар. Субъективтік құқық пен заңды міндеттердің мазмұны және құрылымы.

Заңды дерек құқықтық қатынастың пайда болу, өзгеру, тоқтату негіздері ретінде. Заңды деректің түрлері. Оқиға және әрекет, олардың арасындағы айырмашылықтар.

### **Тақырып 14. Құқыққа сай жүріс-тұрыс, құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік. Заңдылықты құқықтық тәртіпті нығайту жолдары.**

Адамдардың әрекеттері мен қимылдарының құқықтық ұйғарымдарға сәйкестенуін қамтамасыз етудің заңды, әлеуметтік және психологиялық алғышарттары. Құқыққа сай мінез-құлық заңды нормалардың ұйғарымдарға сәйкес келетін мінез-құлық ретінде және оның мемлекет үшін пайдасы. Құқыққа сай мінез-құлықтың объективті және субъективті жақтары. Құқыққа сай әрекеттің түрлері. Азаматтардың құқықтық белсенділігі. Белсенді және бәсең құқыққа сай мінез-құлық. Құқыққа сай мінез-құлық ниеттері: құқықтық ұйғарымды дұрыс түсінуі, жауапкершіліктен қорқу, конформизм және маргиналды адамға тән қасиеті ретінде.

Құқық бұзушылық құқыққа қарсы әрекет ретінде. Құқық бұзушылықтың заңдық құрамы (субъект, объект, субъективті жағы, объективті жағы). Құқық бұзушылықтың түрлері: қылмыс, әкімшілік және тәртіптік құқық бұзушылық, азаматтық құқық бұзушылық. Қылмыстың қоғамға қауіпті сипаты. Қылмыстық емес құқық бұзушылық зияны дәрежесі.

Заңды жауапкершіліктің белгілері және оның мемлекеттік мәжбүрлеу және қоғамдық-моральдық жауапкершілікпен арақатынасы. Қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершіліктің ерекшеліктері. Заңды жауапкершілікке тартудың негіздері (құқыққа қайшылық, зиян, кінә және себепті байланыс) және одан босату. Заңды жауапкершілік және құқықтық санкциялар. Кінәсіздік презумпциясы.

Заңдылық мемлекеттің және қоғам өмірінің құқықтық режимі ретінде. Заңдылықтың нормативтік негізі болып табылатын, заңдылық пен заңнаманың өзара байланысы. Заңдылық, демократия және тәртіп. Заңдылықтың юридикалық кепілі. Заңдылық, мақсаттылық, әділеттілік.

Құқықтық нормаларды іске асыру нәтижесінде қалыптасқан қоғамдағы тәртіп, құқықтық тәртіп ретінде. Заңдылықтың талаптарын жүзеге асырудың логикалық салдары. Құқықтық тәртіп және қоғамдық тәртіп. Құқықтық тәртіптің заңдылықпен арақатынасы.

Заңдылықты және құқықтық тәртіпті сақтау қазіргі таңдағы қоғамның әлеуметтік экономикалық және рухани дамуының объективті талабы ретінде.

#### **Тақырып 15. Құқықтық реттеу механизмі.**

Құқықтық реттеу механизмінің түсінігі. Құқықтық реттеудің пәні және әдістері. Құқықтық реттеудің сатылары. Құқықтық реттеу механизмі элементтері.

### **4. Семинар сабақтарының жоспарлары**

#### **Тақырып 1. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдісі.**

1. Мемлекет және құқық теориясының пәні.
2. Мемлекет және құқық теориясындағы жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер.
3. Мемлекет және құқық теориясының функциялары. Мемлекет және құқық теориясы курсының жүйесі.
4. Мемлекет және құқық теориясы мен негізгі гуманитарлық ғылымдардың өзара қатынасы.
5. Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттейтін ғылым жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының алатын орны.
6. Отандық мемлекет және құқық теориясы және оның дамуы.

#### **Тақырып 2. Қоғамының саяси жүйесі және ондағы мемлекеттің орны.**

1. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің маңызды бөлігі ретінде.
2. Саяси және мемлекеттік-құқықтық институттары, құрылымы, қатынастары; олардың қасиеттері мен белгілерін ажырату қажеттілігі.
3. Қоғамның саяси жүйесінің құрылымы.
4. Саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, жаппай қозғалыстардың саяси жүйедегі алатын орны, олардың мемлекетпен оның органдарымен өзара қатынасы.
5. Мемлекетті басқаруға саяси партияның қатысу нысандары.



6. Қазіргі кезеңдегі ҚР-ның саяси жүйесінің эволюциясы.

### **Тақырып 3. Мемлекет және құқықтың пайда болуы. Мемлекет функциялары. Мемлекеттік аппарат.**

1. Мемлекеттің пайда болуы туралы негізгі теориялар: патерналистік, теологиялық, келісім-шарттық, психологиялық, күштеу, диалектико-материалдық және тағы басқалары. Мемлекеттің негізгі ерекше белгілері.
2. Құқықтың пайда болуының жолдары және құқықтың пайда болуы туралы негізгі теориялар.
3. Мемлекет функциялары және оның жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекет функцияларының даму эволюциясы.
4. Мемлекет функцияларының жүзеге асырылуының құқықтық және ұйымдастырушылық нысандары.
5. Мемлекет механизмі (аппараты) түсінігі, оның құрылымдық қағидалары және қызмет ету қағидалары. Мемлекет органы, оның міндеттері, функциялары, құзыреті.
6. Мемлекет органдарының заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына жіктелуі. Мемлекеттің жоғары және жергілікті органдары. Жалпы және арнайы құзыретті органдар.
7. ҚР мемлекеттік қызмет институтының дамуы және оның ерекшеліктері.
8. ҚР-ның мемлекет органдар жүйесі.

### **Тақырып 4. Мемлекет және құқықтың мәні және типтері. Мемлекет нысаны.**

1. Мемлекет және құқықтың мәні және оның эволюциясы.
2. Мемлекеттің мәнін және оның қоғамдық тағайындалуын дұрыс түсіну үшін мемлекет типологиясының ғылыми маңызы.
3. Мемлекет және құқықтың формациялық және өркениеттік тәсіл бойынша типтері.
4. Мемлекет нысаны түсінігі. Мемлекет нысанын мемлекет мәнімен салыстырғандағы мемлекет нысанының қатысты дербестігі.
5. Мемлекет нысанын анықтайтын факторлар.
6. Басқару нысаны, монархия және республикалық басқару нысандары, олардың түрлері мен белгілері.
7. Мемлекеттің құрылым нысаны. Унитарлы, федеративті және конфедеративті мемлекеттер, олардың белгілері мен түрлері.
8. Саяси (мемлекеттік) режим және оның түрлері.
9. Қазақстан Республикасы мемлекеті нысанының сипаттамасы.

### **Тақырып 5. Құқықтық мемлекет.**

1. Мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуындағы дуализм: мемлекет қоғамды басқару құралы және таптық дауды шешу құралы ретінде.

2. Азаматтық қоғамның қалыптасуы – құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары. Азаматтық қоғамның институттары.
3. Құқықтық мемлекетті құрудың объективтік қажеттілігі, оның негізгі сипаттамасы: мақсаттары, міндеттері, қызметтері, әлеуметтік тағайындау.
4. Этатистік мемлекеттен құқықтық мемлекеттің айырмашылығы.
5. Құқықтық мемлекеттің белгілері мен қағидалары.
6. Қазақстанда құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам қалыптасу жолында.

### **Тақырып 6. Құқықтың мәні.**

1. Құқықтың өмір сүруінің экономикалық, саяси-әлеуметтік және идеологиялық себептері.
2. Құқықтың қоғамдық қатынастарға ықпал етуінің реттеушілік мазмұны: бір азаматтың құқық өкілеттігін елестету, басқаларға міндетті жүктеу, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту.
3. Құқық пен мемлекеттің байланысы. Субъективтік құқық және объективтік құқық, олардың арақатынасы.
4. Қоғамдағы әрекет етуші әлеуметтік нормалардың саналуандығы. Әлеуметтік нормалардың жіктелуі, олардың техникалық нормалардан айырмашылығы.
5. Адамдардың мінез-құлқын реттеу үрдісінде құқықтық, моральдік, адамгершілік нормалардың өзара әрекеттену нысандары. Әдет ғұрыптар мен дәстүрлерінің ерекшеліктері. Саяси партиялар нормалары. Діни нормалар әрекеттенуінің күшеюі.
6. Қазіргі таңдағы құқық нормаларының гуманизм проблемалары.

### **Тақырып 7. Құқық нормасы. Құқықтың қайнар көздері.**

1. Құқық нормасының түсінігі және белгілері.
2. Құқық нормасы мен НҚА баптарының арақатынасы.
3. Құқық нормасының құрылымы: диспозиция, гипотеза, санкция және оның түрлері.
4. Құқық нормасының түрлері. Құқық нормасының жіктелу өлшемдері.
5. Заң ғылымында құқықтың қайнар көздері түсінігі және оның түрлері
6. НҚА түрлері, олардың әртүрлі өлшемдерге байланысты жіктелуі. НҚА иерархиясы.
7. НҚА – қазіргі қазақстандық құқықтың негізгі қайнар көзі.

### **Тақырып 8. Құқық жүйесі.**

1. Қоғамның құқықтық жүйесі және оның элементтері.
2. Құқық нормаларының құқықтық институттарға, салаларға және бағынышты салаларға бөліну негіздері.
3. Құқықтық реттеудің пәні мен әдісіне сипаттама.

4. Материалдық және процессуалдық құқық саласы. Бұқаралық және жеке құқық. Ішкі мемлекеттік құқықтың жүйесі және оның халықаралық құқықпен арақатынасы.

5. Заңнаманың кешендік саласы.

6. Құқықтық институттар мен субинституттарына, саласы мен бағынышты саласына жалпы сипаттама.

### **Тақырып 9. Құқық шығармашылық. Заңнаманы жүйелендіру.**

1. Құқық шығармашылық және оны негіздейтін факторлар.

2. Құқық шығармашылық және заң шығармашылық үрдісінің сатылары.

3. Құқық шығармашылықтың қағидалары: демократизм, заңдылық, кәсібилік, тұрғындардың мүдделерін ескеру.

4. Заңнаманы жүйелеу түсінігі. Жүйелеудің түрлері. Инкорпорация, кодификация, консолидация.

5. Заң техникасы түсінігі және белгілері. Заң техникасының түрлері.

6. Заң техникасының нормативтік актілерді жүйелеуде және құқық шығармашылық сапасын қамтамасыз етудегі орны, оған қолданылатын терминдер мен ұғымдар талаптары.

### **Тақырып 10. Құқықты іске асыру және оның нысандары. Құқықтық актіге түсінік беру. Құқықтағы ақтандақтар.**

1. Құқықты іске асыру оның талаптарын өмірге әкелу.

2. Құқықты іске асыру нысандары: орындау, сақтау, пайдалану және құқықты қолдану.

3. Құқықты іске асыру мен құқықтық реттеудің арақатынасы.

4. Құқық нормаларын қолдану – құқықты іске асырудың күрделі нысаны.

5. Құқық нормаларын қолдану актілері, олардың түрлері және ерекше белгілері.

6. Заңдарға және мемлекеттің басқа да НҚА түсінік беру.

7. Құқық нормаларына түсінік беру әдістері (логикалық, тарихи-филологиялық, жүйелік) мен түрлері (ресми, ресми емес; нормативтік, казуистикалық, аутентикалық, доктриналдық; сөзбе-сөз, таралымдық, шектеулі).

8. Құқықтағы ақтандақтар, оларды орнын толтыру тәсілдері. Құқық және заң аналогиясы (ұқсастық).

### **Тақырып 11. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.**

1. Құқықтық сананың түсінігі.

2. Қоғамдық, таптық, топтық, жеке құқықтық сананың ерекшеліктері. Заңгерлердің кәсіби құқықтық санасы және қоғамның құқықтық мәдениетін көтерудегі оның алатын орны.

3. Құқықтық сананың құрылымы: құқықтық идеология, әлеуметтік-құқықтық психология.

4. Құқық пен құқықтық сананың өзара әрекеттестігінің нысаны. Құқық шығармашылық, құқықты іске асыру қызметінде құқық бұзушылықтың алдын алу, құқыққа сай әрекет және іс қимылдарды таңдаудағы құқықтық сананың рөлі.
5. Құқықтық сананың қалыптасуы мен дамуына құқықтық нормалар мен институттардың ықпалы.
6. Қоғамның, социумның, жеке адамдардың құқықтық мәдениеті.
7. Құқықтық мәдениет пен саяси мәдениеттің ара байланысы, олардың өзара әсері.

### **Тақырып 12. Құқықтық қатынастар.**

1. Құқықтық қатынас қоғамдық байланыстың ерекше түрі ретінде.
2. Құқықтық қатынастың субъектілері, мазмұны және объектісі бойынша жіктеу.
3. Құқықтық қатынастың субъектілері. Құқықсубъектілік, құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік және деликтқабілеттілік. Құқықтық мәртебе. Жеке және заңды тұлғалар, олардың түрлері.
4. Мемлекет құқықтық қатынастың ерекше субъектісі ретінде.
5. Құқықтық қатынастың объектілері және олардың жіктелуі.
6. Құқықтық қатынас тараптарының субъективтік құқықтары мен заңды міндеттері, оларды байланыстыратын қатынастар. Субъективтік құқық пен заңды міндеттердің мазмұны және құрылымы.
7. Заңды дерек құқықтық қатынасытың пайда болу, өзгеру, тоқтату негіздері ретінде. Заңды деректің түрлері. Оқиға және әрекет, олардың арасындағы айырмашылықтар.

### **Тақырып 13. Құқық және мінез-құлық. Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік.**

1. Құқыққа сай мінез-құлық заңды нормалардың ұйғарымдарға сәйкес келетін мінез-құлық ретінде және оның мемлекет үшін пайдасы.
2. Құқыққа сай мінез-құлықтың объективті және субъективті жақтары.
3. Құқыққа сай әрекеттің түрлері. Құқыққа сай мінез-құлық ниеттері.
4. Құқық бұзушылық құқыққа қарсы әрекет ретінде.
5. Құқық бұзушылықтың заңдық құрамы (субъект, объект, субъективті жағы, объективті жағы)
6. Құқық бұзушылықтың түрлері: қылмыс, әкімшілік және тәртіптік құқық бұзушылық, азаматтық құқық бұзушылық.
7. Заңды жауапкершіліктің түсінігі және оның белгілері.
8. Заңды жауапкершіліктің қағидалары және оның түрлері (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік және азаматтық-құқықтық).

### **Тақырып 14. Заңдылық және құқықтық тәртіп.**

1. Заңдылықтың юридикалық кепілі. Заңдылық, мақсаттылық, әділеттілік.

2. Құқықтық тәртіп және қоғамдық тәртіп. Құқықтық тәртіптің заңдылықпен арақатынасы.
3. Заңдылықты және құқықтық тәртіпті сақтау қазіргі таңдағы қоғамның әлеуметтік экономикалық және рухани дамуының объективті талабы ретінде.

### **Тақырып 15. Құқық және тұлға.**

1. Қазіргі замандағы саяси-құқықтық дамуының тенденцияның бірі ретінде жеке тұлғаның басымдылығының баяу бекуі.
2. Азаматтылық институтының демократиялануы. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары түсінігі.
3. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары және адам құқықтары мен бостандықтары арақатынасы.
4. Мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігі.
5. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сақтаумен күресудегі халықаралық құқықтың күшеюі.

### **5. СОӨЖ тапсырмалары**

<b>№</b>	<b>СОӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны</b>	<b>Бақылау формасы</b>
1	Мемлекет және құқық теориясы ғылым және оқу пәні ретінде. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдістері. Мемлекет және құқық теориясы заң ғылымдары жүйесінде.	Конспект жасау
2	Қоғам және мемлекет. Қоғамының саяси жүйесіндегі мемлекет.	Реферат жазу
3	Мемлекет түсінігі, мәні, функциялары. Мемлекеттік билік және мемлекет механизмі.	Кесте жасау
4	Мемлекет типологиясы. Мемлекет нысандары.	Конспект жазу
5	Мемлекет, құқық, тұлға. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет.	Кесте жасау
6	Құқықтың түсінігі, мәні және әлеуметтік тағайындалуы. Қоғамда құқықтың өзге әлеуметтік нормалармен өзара әрекеттесуі.	Реферат
7	Құқық түсінушіліктің негізгі концепциялары.	Реферат
8	Құқық нормалары және нысандары (қайнар көздері).	Конспект жасау
9	Құқықтық жүйе, құқық жүйесі және заңнама жүйесі. Қазіргі замандағы құқықтық жүйелер.	Жазбаша
10	Құқық шығармашылық және нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу. Заң техникасы.	Конспект жасау
11	Құқықты іске асыру және қолдану. Құқық нормаларына түсінік беру.	Акт жобасын жасап өткізу

12	Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.	Кесте жасау
13	Құқықтық қатынастар.	гlossарий
14	Құқыққа сай жүріс-тұрыс, құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік. Заңдылықты құқықтық тәртіпті нығайту жолдары.	гlossарий
15	Құқықтық реттеу механизмі.	реферат

### 6. СӨЖ тапсырмалары

№	СӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны	Бақылау формасы
1	«Мемлекет түсінігі және белгілері» «Мемлекеттің пайда болуы және тарихи дамуы» «Мемлекет және құқықтың пайда болуының негізгі теориялары»	Реферат жазу
2	«Мемлекет механизмі» «Қазіргі мемлекеттердің функциялары»	Реферат жазу
3	«Саяси-құқықтық режим мемлекет нысанының құрамдас бөлігі ретінде»	Реферат жазу
4	«Құқықтық мемлекет және оның Қазақстан Республикасында қалыптасу тәжірибесі»	Реферат жазу
5	«Құқық: түсінігі, мәні, қағидалары»	Реферат жазу
6	«Құқықтың қайнар көздері»	Реферат жазу
7	«Құқық нормасы әлеуметтік нормалар жүйесінде»	Реферат жазу
8	«Қазіргі қоғамдағы құқықтық қатынастар» «Құқық нормасы және құқықтық қатынас»	Реферат жазу
9	«Құқық жүйесі»	Реферат жазу
10	«Құқыққа түсінік беру және олардың түрлері»	Реферат жазу
11	«Құқықты іске асырудың нысандыры»	Реферат жазу
12	«Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Құқықтық нигилизм» «Құқықтық сана және қоғамдық қатынастың дамуындағы оның рөлі»	Реферат жазу
13	«Заңгердің кәсіби құқықтық санасы»	Реферат жазу
14	«Құқық және жеке тұлға»	Реферат жазу
15	«Адам құқықтары және оларды қамсыздандыру әдістері»	Реферат жазу

### Оқу - әдістемелік материалдары

#### ҚР Нормативтік-құқықтық актілері

1. ҚР 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституциясы (02.02.2011 ж. жағдайына толықтырулар мен өзгерістермен)



2. Қазақстан Республикасының Президенті туралы ҚР 1995 жылғы 25 желтоқсандағы № 2733 Конституциялық Заңы;
3. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР 1995 жылғы 16 қазан № 2529 Конституциялық Заңы;
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы ҚР 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Конституциялық Заңы;
5. ҚР Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы. ҚР 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132-11 конституциялық Заңы.
6. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер туралы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы.

#### **Негізгі әдебиет:**

1. Ағдарбеков Т.А. Құқық және мемлекет теориясы: - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2002.
2. Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары - Древний мир права казахов, т. 2, Алматы, 2003.
3. Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий / отв.ред. Баймаханов М.Т. - Алматы, 2010.
4. Алексеев С.С. Государство и право: учеб.пос., - М., 2008.
5. Нерсисянц В.С. Теория права и государства: краткий учеб. Курс., - М., 2007.
6. Марченко М.Н. Теория государства и права: учебник. – М., 2012.
7. Хропанюк В.Н. Теория государства и права: ред. В.Г. Стрекозова. – 5-е изд. – М., 2011.
8. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007.
9. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы, 2006.
10. Матузов Н.И., Малько А.В. Мемлекет және құқық теориясы / Оқулық орыс тілінен қазақшаға аударған: Б.Ө. Алтынбасов. – Алматы, 2013.
11. Жоламан Қ.Д., Мұқтарова А.К., Тәуекелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, 2001.
12. Өміржанов Е.Т. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы, Жеті Жарғы, 2015.
13. Протасов В.Н. Лекции по общей теории права и государства. – М., 2010.
14. Габитов Г.Х. Философия права: учеб.пос. – Алматы, 2009.

#### **Ғылыми әдебиеттер:**

1. Зиманов С.З. Казахский суд биев – уникальная судебная система: научное издание. – Алматы, 2008.
2. Зиманов С.З. Парламент Казахстана в трудные годы провозглашения независимости. – Алматы, 2011.



3. Баймаханов М.Т. Влияние конституции на соотношение международного и национального права // Право Европейского союза. - Алматы: АЮ-ВШП "Адилет". Фонд "Сорос - Казахстан", 2002.
4. Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека. Монография. – Алматы, 2005.
5. Абайдельдинов Е.М. Соотношение международного и национального права РК (проблемы становления приоритетности). - Алматы: Казак университети, 2002.
6. Лукашева Е.А. Человек, право, цивилизация: нормативно-ценностное измерение. – М., 2009.
7. Малько А.В. Теория правовой политики: монография. – М., 2012.
8. Тлембаева Ж.У. Система законодательства Республики Казахстан: Проблемы теории и практики: монография / Под ред. М.Т. Баймаханова. – Астана, 2012.
9. Права человека: Учебное пособие. – Алматы, 2002.
10. Алексеев С.С. Собрание сочинений в 10-и т. Т.4. Линия права. Концепция: Сочинения 1990-х 2009 годов: науч.изд. – М., 2010.
11. Алексеев С.С. Собрание сочинений в 10-и т. Т.3. Проблемы теории права: курс лекций. - М., 2010.
12. Алексеев С.С. Собрание сочинений в 10-и т. Т.6. Восхождение к праву: науч.изд. – М., 2010.
13. Құқықтық саясат тұжырымдамасы шеңберінде Қазақстанда құқықтық мәдениетті қалыптастыру проблемалары мен болашағы: РКМ (2010 жыл 13 желтоқсан). – астана, 2010.

#### **Қосымша әдебиет:**

1. Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 1998.
2. Баймаханов М.Т. и др. Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода. – Алматы, Жеті Жарғы, 1995.
3. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2010
4. Өміржанов Е.Т. Мемлекет және құқық теориясы. Практикум. – Алматы, 2014.
5. Қасымбек А.О. Мемлекет пен құқық теориясы пәнінен тест сұрақтары, оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2006.
6. Ибраева А.С. Правовая культура и права: проблемы теории и практики. – Алматы, 2002.
7. Марченко М.Н. Государство и право в условиях глобализации. – М., 2009.
8. Малько А.В. Теория государства и права в схемах, определениях и комментариях - Учебное пособие – 2007

9. Сапарғалиев Г.С., Мухамеджанов Э.Б., Жанузакова Л.Т., Сакиева Р.С. Правовые проблемы унитаризма в Республике Казахстан. - Алматы, 2000.
10. Подопригора Р.А. Государство и религиозные организации (административно-правовые вопросы). – Алматы, 2002.
11. Власенко Н.А. Теория государства и права. - Учебное пособие - 2011.
12. Марченко М.Н. Теория государства и права: учебник.- М., 2012

#### **Интернет-ресурстар**

1. Анықтамалық жүйе «Әділет.заң.kz» - <http://adilet.zan.kz/>
2. ҚР Президенті - [www.prezident.kz](http://www.prezident.kz).
3. ҚР Парламенті - [www.parlam.kz](http://www.parlam.kz).
4. ҚР Үкіметі - [www.government.kz](http://www.government.kz).
5. ҚР Орталық сайлау комиссиясы - [www.election.kz](http://www.election.kz)

#### **Бағдарлама авторлары:**

Калишева Н.Х. – з.ғ.к., доцент

Қасымбек А.О. – құқық магистрі, аға оқытушы